



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

«Масс-медиа туралы» заң жобасы қаралады

Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен Бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттардың талқылауына «Масс-медиа туралы» және оған ілеспе заң жобаларын бірінші оқылымда

санитарлық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау және Мемлекеттік корпорация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы екінші оқылымда ұсынылады.



қарау ұсынылады. Заң жобасы осы саладағы барлық қатысушының мүддесі мен қоғамның сұранысын ескере отырып, БАҚ туралы заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Алдағы жалпы отырыста Мәжіліс білім беру және тәлімгерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу заң жобасын да қарайтын болады.

Сонымен қатар депутаттарға Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын

Жалпы отырыста Мәжіліс комитеттері бірқатар заң жобасын жұмысқа алады. Олар: құрылыс саласын жетілдіру және тұрғын үй құрылысында үлестік қатысу мәселелері бойынша, мемлекеттік статистика және деректерді басқару туралы, сондай-ақ 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау мен оған ілеспе заң жобалары.

«Созақ үні»-ақпарат.



ҰҚШҰ: Терроризмге қарсы қызмет күшейтіледі

Беларусь астанасы Минск қаласында өткен ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл бағытындағы ынтымақтастықты дамыту ісін тағы бір басымдық ретінде атады. Мемлекет басшысының айтуынша, ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің терроризмге қарсы қызметіне жіті назар аударылады.

«Лаңкестік топтарға қосылуды жоспарлап жүрген азаматтарымыздың елден тыс-

қары шығып кетуіне жол бермеу үшін бірлескен жұмысты жалғастырған жөн. Терроризмге және экстремизмге қатысы бар адамдарды іздеу, ұстау және экстремизмге қатысты іс-қимыл тетіктерін іске қосу маңызды. ҰҚШҰ Қауіпсіздік кеңесі хатшыларының комитеті жанындағы терроризм мен экстремизмге қарсы күрес мәселелерімен айналысатын сарапшылардың Жұмыс тобын жандандыруды ұсынамыз. ҰҚШҰ-ға мүше елдердің кеңістігін осы қауіпті заттың енуінен қорғау үшін бірлес-

кен іс-шаралардың тиімділігін арттыру қажет. Жұмыс ретін барлық өзекті факторды, соның ішінде синтетикалық есірткінің таралу аясы кеңейе түскенін ескере отырып ұйымдастыру керек. Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жүргізетін қазыретті органдар жетекшілерінен құралған Үйлестіру кеңесі сияқты механизм маңызды рөл атқарады», деген Қ.Тоқаев Ұйым есірткі, психотропты заттардың заңсыз айналымымен күресуге де білек түрене кірісу керектігін айтты.

Баспасөз-2024

"Созақ үніне" жазылуды ұмытпайық!



Баспасөзге жазылу наұқаны жүріп жатқанынан хабардарсыздар. Бүгін, ауыл поштасы арқылы 50 жылдық сырласым "Созақ үні" газетіне жазылып келдім. Пошташы қыз Әйгерімге сыбырлап, бүгінге дейін зей-

неткерлерден кімдер жазылды, - десе м, Сүлейменов Әбдіразақ, Жүнісов Сағат, Жұманов Еркін, Жақсыбаев Мұрат ағалардың атын атады. Мінеки, бұл кісілер ешкімнің айтуынсыз өз еркімен келіп жазылған байырғы оқырмандар. Достар, оқырмандар! Қоғамдық өзгерістерге бейпарық болмайық! Ол үшін, халықтың көзі, құлағы һәм тілі,- дейтін, жергілікті газетіміз "Созақ үніне" жазылуды ұмытпайық!

Кәмилжан РЫСМЕТОВ,
Созақ ауылының тұрғыны.
Журналистер одағының мүшесі.

Қазақ-өзбек теміржол байланысы нығая түспек

Түркістан облысында ұзындығы 152 км болатын Дарбаза – Мақтаарал жаңа теміржол желісінің құрылысы басталды.

Үкімет басшысы Әлихан Смайылов телекөпір режиміне қатысып, құрылыс жұмысын ресми бастап берді. Инфрақұрылымдық жоба Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша қолға алынып отыр. Еліміздің көлік-транзиттік әлеуетін дамытуға бағытталған жобаның аясында қазақ-өзбек мемлекеттік шекарасында жаңа өткізу бекеті бой көтереді. Ұзындығы 152 шақырымға созылатын Дарбаза – Мақтаарал темір жолы іске қосылса, Өзбекстан бағытындағы экспорттық тасымал көлемі ұлғаяды.

«Теміржол – мемлекетіміздің экономикалық және әлеуметтік өмірінің дамуын қамтамасыз ететін болат артериялар. Өткен жылы теміржолдармен Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығындағы ең жоғары жүк көлемі тасымалданып, ол 245 млрд тонна-километрді құрады. Мұндай қарқынды геосаяси жағдайларға және инфрақұрылымдық шектеулерге қарамастан биыл да сақталып отыр», деді Ә.Смайылов.



Екі кезең бойынша жүзеге асатын жобада алдымен «Сырдария» станциясына шығатын Өзбекстанның мемлекеттік шекарасы арқылы Ердаут-Мақтаарал желісі салынады. Екінші кезеңде Жетісай-Өзбекстанның мемлекеттік шекарасы тармағын пайдалануға беру көзделіп отыр. Жаңа темір жол құрылысын жүргізу кезінде 3 400 жұмыс орны ашылмақ.



өзінің жеке архивіндегі сақталған көне қолжазбалармен оқырмандарды таныстырып өтті. Келушілер мен оқырмандарға арнайы жасақталған «Шежірелі Теріскей, Қазыналы Қаратау» тақырыбындағы кітап көрмесі таныстырылды.

Іс-шараның екінші бөлігі «Кейіпкерлер шеруі» айдары бойынша Елнұр Қайратұлының «Қасқыр ұлыған түн» шығармасынан қойылым ұсынылып, «Күзгі сыр» тақырыбында руха-

«КІТАП САЯХАТЫ-2023» СОЗАҚ АУДАНЫ ТҮРКІСТАНДА

«Кітап Саяхаты-2023» Шежірелі өлкеден-Рухани темірқазаққа акциясы аясында кітап керуенімен қонақта Созақ аудандық кітапханасы.

Шараның ашылуында аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов, Түркістан облысы Түркістан қаласы әйелдер алқасының төрайымы, ҚР мәдениет қайраткері-Ұлжан Мұстафаева, Түркістанның құрметті азаматтары Өтепбергелен Қуанышбай, Кеңес Мәрсәлі, «Фараб» кітап-

ханасының директоры Жанат Шардарбекова сөз сөйлеп, ізгі тілектерін білдірді.

Созақ ауданы «Фараб» кітапханасының қорына 500 кітап және тактильді кітап сыйға тартты. Сонымен қатар ауданның арда тумалары Нұржамал Төлеуова, Тұмартай Дінтайұлы, Сәрсенбек Сайлаубекұлы оқырмандарды мерекелік шарамен құттықтап, оқырман легі көп болуын тіледі. Жазушы, журналист Мақсат Қарғабай

ни әдеби-сазды кешпен жалғасты. Кездесу кейіпкері ақын, жазушы, аудармашы Елнұр Қайратұлы және эстрада жұлдызы, «Жігіттер» квартетінің әншісі, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Ердос Қанаевпен шығармашылық кездесу кешіне ұласты. Шара соңында облыстық «Фараб» кітапханасының директоры Жанат Сәдібекқызы өз алғысын білдірді.

Мәслихат тынысы

ҰСЫНЫС-ПІКІРЛЕРІН БІЛДІРДІ



Өткен аптаның сәрсенбі күні Созақ ауылдық округіне қарасты Ыбырай, Созақ ауыл мектептерінің мәжіліс залында №9 Созақ сайлау округінен сайланған аудандық мәслихаттың депутаты Топшақов Серік Абілқасымұлы өз сайлаушыларымен жүздесіп, олардың ұсыныс-пікірлері мен та-

лап-тілектерін тындады.

Жиынды Созақ ауылдық округінің әкімі Батырхан Қаныбекұлы жүргізіп отырды.

Халық қалаулысымен кездесу Созақ ауылынан басталды. Өз кезегінде мәслихат депутаты Серік Абілқасымұлы ауылдың өзекті мәселелерін айтып, аудандық мәслихаттың атқарған жұмыстарымен, алдағы жылы жалғасатын жұмыс жоспарын халыққа таныстырды. Өзінің сайлауалды бағдарламасының орындалуы жайлы да жұртшылықты хабардар етті.

Халық қалаулысы С.Топшақов одан әрі Ыбырай ауылы тұрғындарымен кездесті, жиын барысында сайлаушылар тарапынан қоятын ұсыныстары да кем қалмады. Атап айтқанда Ыбырай ауылының ішкі көшелері бағаналар бойындағы тоқ көздері (линиялардың) ескіруіне байланысты жанасын ауыстыру, Созақ ауылы халық санының көбеюіне орай, аурухананың жанынан қосымша жай салу мәселелерін айтты.

Өз кезегінде халық қалаулысы ауыл тұрғындарының бұл ұсыныс-пікірлерін қараусыз қалмайтынын және жауапты орындарға жеткізетін айтты. Жиын соңында көпшілік қауым кездесу барысында атқарылған жұмыстарға алғыстарын айтып, алдағы уақыттағы жұмыстарға сәттілік тіледі.

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУІ

Өткен аптаның сәрсенбі күні аудандық мәслихаттың депутаты Әлібеков Жадыгер Амангелдіұлы өзі сайланған №10 Науайы сайлау округіндегі сайлаушыларымен Науайы атындағы жалпы орта мектебінің және Суындық атындағы жалпы орта мектебінің мәжіліс залында кездесу жиыны өткізді.

Кездесуді Созақ ауылдық округінің әкімі Батырхан Қаныбекұлы кіріспе сөз сөйлеп, ашып жүргізіп отырды. Мұнан кейін сөз алған халық қалаулысы Жадыгер Амангелдіұлы аудандық мәслихаттың бекіткен кестесіне сай жылына бір рет өткізетін кездесудің жай-жапсарымен сайлаушыларды таныстыра отырып, мәслихаттың атқарған жұмыстарына кеңінен тоқталды. Ауданда өткізілген он айдың қорытындысынан да хабардар етті.

Жадыгер Амангелдіұлымен болған кездесуде Созақ, Көктөбе ауылдары тұрғындары тарапынан ескірген трансформатордың орнына жаңасын ауыстыру мәселесін қозғады. Сайлаушылар тарапынан түскен түрлі сауалдарға депутат жан-жақты жауап беріп, айтылған ұсыныс-пікірлердің назардан тыс қалмайтындығын жеткізді.

Алдағы уақыттарда атқарған жұмыстары жайында жауап беретінін ескертіп өтті. Сайлаушылардың аманатын арқалау арға жүк болары ақиқат, десе де әрбір халық қалаулысының абыройы мен беделі жазып алған сауалдарына шындыр кірісу арқылы елдің алғысы арқылы арта түсері анық.

Ауыл тұрғындары кездесу соңында атқарылған жұмыстарға алғыстарын айтып, алдағы уақыттағы жұмыстарға сәттілік тіледі.

Созақ аудандық мәслихаты.

ЖОЛ КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ ЖИЫН ӨТТІ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында Созақ аудандық сотының бастамасымен заңдық маңызы бар фактілерді анықтау және жол көлік оқиғаларының салдарын жоюға бағытталған жиын өтті.

Жиынды аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ашып, жүргізіп отырды. Шараға ауыл, кент округ әкімдері, прокуратура, аудандық полиция бөлімі мен аудандық емхана қызметкерлері қатысты.

Жиынға қатысушыларға аудандық соттың төрағасы Ақылбек Сергейұлы статистикалық мәліметтерге сәйкес, сотпен қайтыс болу фактілерін анықтау жылдан жылға көбеймесе, азаймай отырғанын және оның негізгі себебі азаматтар қайтыс болған кезде олардың туыстары қайтыс болған адамды сараптамадан өткізуден бас тартатынын атап өтті.

Осы тұрғыда, аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы аудан аумағындағы елді мекендер шалғай орналасқандықтан тұрғындар өмірден өткен туыстарын сараптамадан өткізу үшін облыс орталығына жеткізіп, әуре – сарсаңға түсетінін айтты. Орын алып келген келеңсіз жайыттарды тиісті орындарда мәселе етіп көтеріп, аудан орталығынан сараптама бөлімшесін ашу үшін тиісті құжаттар әзірлетінін тілге тиек етті.



Сонымен қатар, күн тәртібіндегі келесі мәселе жол көлік оқиғасының салдарын жою жөнінде атқарылу керек жұмыстар кеңінен талқыланды. Соңғы уақыттағы статистикалық мәліметтерге сәйкес, жол көлік оқиғасының басым бөлігі жол жиегіндегі қараусыз жүрген малдың салдарынан орын алатыны айтылды. Бұл жөнінде ауыл, кент округ әкімдері өз ұсыныстарын ортаға салып, бірқатар мәселелер жан-жақты талқыланды.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша аудан басшысы ауыл әкімдері мен жауапты мамандарға бірқатар тапсырмалар жүктеді. Кез-келген мәселенің артында үлкен жауапкершілік тұратынын және жұмыс барысында әрбір істі үйлестіре білу керектігін ескертті.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

«Бірлігіміз-әралатуандықта»



Осындай тақырыпта өткен жұма күні Таукент кентінде аудандық Ақсақалдар кеңесінің жиыны болып өтті. Жиынға аудандық Ақсақалдар кеңесінің мүшелері, ішкі саясат бөлімінің қызметкерлері, ішкі істер бөлімінің қызметкерлері, кенттегі орта мектептің директорлары, балабақша меңгерушілері, ардагерлер, кент тұрғындары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Әуелі кент өнерпаздарды осы шараға дайындаған кон-

церттік бағдарламасын көрсеткендерге ұсынды. Концертте барлық ұлттың өнерлері көрсетіліп, би биленіп, ән салынды. Жиналған көпшілік жас өнерпаздардың өнерлеріне сүйсіне қол соғып, қошамет көрсетіп отырды. Өткізіліп отырған іс-шараға концерттік ұжымның тыңғылықты дайындалғаны көрініп тұрды.

Бұдан соң кеңестің кезекті жиыны өткізілді. Жиынды аудандық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Берік Тұрғанбаев

жүргізіп отырды. Кент әкімі Серік Маманов хабарлама жасап, кентте атқарылып жатқан жұмыстар, сондай-ақ жастар тәрбиесіне қатысты жүргізіліп жатқан тәрбие жұмыстары жайлы баяндады. Аудандық ішкі істер бөлімінің әкімі, полиция капитаны Елдос Сайлаубеков жастар мен жасөспірімдер арасында атқарылып жатқан істер туралы хабарлама жасады. Кеңес мүшелері баяндамалар назарға алынсын деген қаулы қабылдады.

Жиында айтылған мәселелер бойынша кеңес мүшесі Амантай Шардарбеков сөз алып, өткізіліп отырған шараға тілек қосып осындай келелі мәселелер қозғалған шара жалғасын таба берсін деді.

Балабақша меңгерушісі Қарлығаш Жәмиева да өткізіліп отырған шараға игі тілегін арнап, сөз сөйледі.

Осымен Ақсақалдар Кеңесінің отырысы өз мәресіне жетті.

С.МҰХИТ.

Аты бүкіл әлемге мәшһүр ұлы ғұлама, данышпан Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз әлемнің екінші ұстазы атанған ғалым. Ол 870-950 жылдары Сырдария бойындағы Отырар қаласында туып-өскен. Бүгінде республикамыздағы тарихы тереңге тартқан, өз нәтижелерімен үнемі алдыңғы қатарда жүретін, еліміздегі көлемі жағынан, дарынды студенттер оқытып шығару жолын да алдыңғы қатардағы университеттің атауы ұлы ұстаздың атына берілген. Әл-

әлі де өз біліктілігін дәлелдеп келуде.

Ғылыми жетістіктері мен сүбелі еңбектеріне тоқталар болсақ: 2002 жылы Азаматтық құқық; Кәсіпкерлік құқық; Отбасы құқығы; Халықаралық жеке құқық; Азаматтық процесс; мамандығы бойынша ҚР ҰҒА академигі, профессор М.К. Сүлейменовтың ғылыми жетекшілігімен заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін “Қазақстан Республикасындағы коммерциялық құпия институты-

Егемен елдің маманы

Фараби атындағы ҚазҰУ-ның ұстаздары да ұлы тұлғаның жолын қуған кәсіби деңгейі мен іскерліктері жоғары білікті мамандар.

Ұстаз, бұл сөздің мағынасы қаншалықты көп. Әр адам оның мәнін өзінше әр түрлі түсіндіреді. Ұстаз-ересек өмірге енуге көмектеседі, сыйластыққа, сүйіспеншілікке, мәңгілік құндылықтарға үйретеді. Өзінің шәкірттерінің жан дүниесіне адамгершілік ғұмырдың салатын үлкен жауапкершілік иесі.

Азаматтыққа қол жеткен ширек ғасырда, халқымыз еліміздің тарихы терең екенін барлық салада көрсете білді. Әлемнің алпауыт елдерімен мәдени және экономикалық байланыстарды заңдық тұрғыдан реттеу үшін, жаңа заңдар қабылдауы. Дәл осы сәттерде ордасының алды болып, аянып қалмай, заңдылықтың аяққа тапталмауын, қарапайым азаматтардың құқығының сақталуын өмірінің соңына дейін ең басты ұстанымы ете отырып өмір жолын осы салаға арай бастап, қазіргі күнге дейін заң саласына өз үлесін қосып, ұстаз атты ұлы есімді абыроймен атқарып келе жатқан үлгі тұтар тұлғам туралы бүгін толғана естелік қалдырғым келіп отыр. Мен үшін де үлкен мүмкіндіктер ашып, қабілеттерімді одан әрі дамытуға негіз салған ұстаздарымның бірі Омарова Айман Бекмұратқызы болатын.

ҚазМУ-ін “Құқықтану” мамандығы бойынша үздік бітірген Айман Бекмұратқызы өзінің тиянақтылығы мен алғырлығының арқасында бесінші курс студенті ретінде ҚР Әділет министрлігінің заңнама ФЗИ-да кіші ғылыми қызметкер лауазымына шақырылған. Одан әрі, заң факультетінің бесінші курсын аяқтағаннан кейін ҚазҰМУ-де заң факультетінің азаматтық құқық кафедрасында қалған. 1998 жылдан бастап оқытушылық қызметке ауысып, осы уақытқа дейін өз білгенін шәкірттеріне үйретуден жалқыпай қызмет жасап келеді. Ұстазымың әр жылы тәңіп тұрған тарих. Өйткені ол, еліміздің басқада білім ордаларында өз тәжірибесімен бөлісіп, Қазақстанның басқа да жоғары оқу орындарында қосымша жұмыс істеп, қосқан көптеген жауапкершіліктерді де абыроймен атқара білген маман. 2017 жылдан бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Азаматтық құқық және азаматтық процесс, еңбек құқығы кафедрасының “ҚР инновациялық дамуын құқықтық қолдау” ФЗО директоры болып табылады. 2019 жылдан бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Зияткерлік құқық және “Азаматтық құқық” білім беру бағдарламасын әзірлеуші және үйлестіруші қызметімен айналысып,

ның азаматтық-құқықтық мәселелері” тақырыбында диссертация қорғаған. 2003 жылғы 28 ақпанда ҚР ЖАК заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін беру туралы шешімді бекітілген. 2005 жылы ҚР ЖАК-мен доцент ғылыми атағы берілді. Онымен қоса Айман Бекмұратқызы түрлі ұйымдарда құрылтайшы, директор ретінде де жұмыс жасап, сенімді, білікті серіктес ретінде де өзін көрсете білген нағыз замана адамы. Шебер өмір салада болсын шебер демекші, 2013 жылдан бастап практик Заңгерлерге арналған “Шарттық құқық”, “зияткерлік өнімдер айналымы саласындағы шарттар”, “коммерциялық құпияны қорғау (ноу-хау)” оқыту курстарын, тренингтер өткізумен де жүйелі түрде айналыса отырып, сондай-ақ ғылыми жобалар бойынша ғылыми сараптама, заң жобалары бойынша ғылыми-құқықтық сараптама, азаматтық істер бойынша ғылыми-құқықтық сараптама, ғылыми-құқықтық қорытынды бере отырып шарттарға құқықтық сараптама жүргізу бағытында сұранысқа ие маман иесі екендігін айта өткен жөн болар.

2021 жылдан бастап –«ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жөніндегі» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің сарапшысы болып табылатынын мақтана айта аламыз.

2013 жылдан бастап Азаматтық құқық мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғаларға заңгерлік кеңес берумен, азаматтық істер бойынша сотта өкілдік етумен белсенді айналысып келеді. Ұлағатты ұстаз білім-ғылым жолына бар өмірін арнап қана қоймай, үлкен отбасында алған өнегелі тәрбиесімен төрт перзентін қатарының алды қылып, өсіріп отырған аяулы ана, асыл жар. Аталмыш жылда кәсіби саласының шыңына іскерлігі, біліктілігі, кәсібилігі, тиянақтылығы, жан-жақтылығы мен рухани байлығы арқылы шыға алған, адами, асыл қасиеттердің барлығын өзінің әсем болмысына сыйдырып, көтеріп жүрген қадірменді ұстаз. Жаны жомарт, әр қашан адамдарға жақсылық тілейтін, қайырымдылығының арқасында ұстазымыздың нұрлы жүзі әрдайым жарқырап тұратынын айтпасақта барлығы біледі. Осы күнге дейінгі өмірі кез-келген адамға үлгі боларлық өмір, адамзатқа, заң ғылымына қосып жатқан үлесі хшан теңіз ұстазымыз қаншама шәкірт тәрбиелеп, қай қайсы шәкіртінің болса да жүрегінде аты алтын әріптермен жазылған асыл тұлға.

**Ж.САПАРБЕКОВА,
Ж.КАРАШЕВА,
ҚазМУ-дің аға оқытушылары.**

Төрткүл дүние тағатсыздана күткен «5G» Теріскейде!

Бүгін таңертең ауыл әкімі хабарласып ауданымызға, оның ішінде орталығы Шолаққорған ауылына ТОО «DIGITAL ELEMENTS» компаниясы келіп жатқанын хабарлады. Себебі, біраздан бері біздің ауданымыздың халқы интернеттің қолжетімсіздігін айтып, ауыл, аудан әкімдіктеріне шағымдануда еді. Тіпті, Түркістан облыс әкімі Дархан Сатыбалды мырзаның Созақ ауданы халқымен болған соңғы кездесуінде де аудан тұрғындары нақ осы интернеттің қолжетімсіздігін сөз етіп, осы бағытта жәрдемдесуін өтінген еді. Осы ретте, мен аудан әкімдігіне хабарласып ТОО «DIGITAL ELEMENTS» компаниясының директоры Ербол Шалабайұлы Қасқатаевтың телефон нөмірін алып сөйлестім. Менің сұхбаттасу жөніндегі ұсынысыма келісе кеткен Ербол Шалабайұлы облыс әкімі Дархан Амангелдіұлынан осы Созақ ауданына барып, қызмет көрсетуін сұранғанын сөз етті. Жалпы, бұл ТОО «DIGITAL ELEMENTS» компаниясы 2018 жылдан бері осы бағытта облыс аумағында жұмыс жасап келе жатқан бірегей компания көрінеді. Күні бүгінге дейін Түлкібас және Төлеби аудандарында жұмыс жасап, 500 жуық абонентке қызмет көрсетіп отыр екен. Ербол Қасқатаевтың айтуынша, компания Шолаққорған, Созақ және Қыземшек ауылдарына кіріп, абоненттерге өз қызметтерін ұсынуды жоспарлап отыр екен. Қазіргі таңда аудан әкімдігі мен Шолаққорған ауыл әкімдігі аппараттың хабардар еткенін

DIGITAL ELEMENTS



+7 702 241 2277
+7 700 230 7800

digital_elements.kz

Шымкент, ул. Жібек жолы 203/1
Шымкент, ул. Шоқан Уәлиханов 81 (мкр. Тасар)

Высокоскоростной безлимитный домашний интернет с кабелем!

Тарифный план (Optimum HIT 20Mб/с) в месяц 4500 тенге.
Тарифный план (Maximum HIT 30Mб/с) в месяц 5500 тенге.
Тарифный план (Maximum Turbo 50Mб/с) в месяц 7500 тенге.
Тарифный план (Turbo 70Mб/с) в месяц 9500 тенге.

Альфа Банк | RED | HOME CREDIT BANK

Рассрочка от 10%!

де мәлімдеді. Сонымен, ТОО «DIGITAL ELEMENTS» компаниясының негізгі қызметі әуелі Шолаққорған, кейін ауданымыздың басқа да ауылдарына талшықты оптика тартып, халқымызды ұялы байланыстың бесінші ұрпағы «5G» мен қамтамасыз ету. Бұл «5G» дің алдыңғы буын ұялы байланыстардан артықшылығы өте жылдам, мейлінше мықты және беретін тарифтері де өте мөте тиімді екен. Ал енді, бұл компанияның қызметі де өткенде мен насихаттап жүрген газ компаниясының қызметі секілді. Компания басшысы Ербол Шалабайұлы мен тұрғындар арасында екіжақты келісімшарт толтырылады. Келісімшарттың негізінде абонент алдында 20 мың теңге қаражат төлейді, кейін, желі тартылып, модем орнатылып болған соң, қалған 20 мың теңге төлейтін көрінеді. Мұнан соң, абонент жылдамдығы өте жоғары, безлимитті, кабельді инетернеттің төмендегі тарифті жоспарының бірін таңдап алады:

Тарифті жоспар (Optimum HIT 20 б/с) айына 4500 т;
Тарифті жоспар (Maximum HIT 30 б/с) айына 5500 т;
Тарифті жоспар (Maximum Turbo 50 б/с) айына 7500 т;
Тарифті жоспар (Turbo 70 б/с) айына 9500 т және компания қызметкерлерінің тарапынан жеке есептік шот

(лицевой счет) беріліп, каспий қолданбасындағы жеке кабинетіне кіріп ай сайынғы төлемді жасай алады. Тағы да компания директоры Ербол Қасқатаев Шолаққорған тұрғындарын бүтіндей көше боп келісімшартқа отырып, тіркелуге шақырып отыр. Әсіресе, ауылымыздың Шымкенттен кіре берісіндегі «Наурыз» (Ипотенка) мөлтек ауданының тұрғындары келісе, жұмысымызды сол аумақтан бастасақ дейді.

Компания мемлекеттік емес, керісінше, ТОО болғандықтан қызметтің барлығы ақылы және каспий рассрочка 0 пайызбен, 12 айға бөліп төлеу қарастырылған көрінеді. Жалпы, ТОО «DIGITAL ELEMENTS» ұялы байланыс компаниясының офисі Шымкент қаласы, Жібек жолы көшесі 203/1; Тасар мөлтекауданы, Шоқан Уәлиханов көшесіндегі 8/1 мекенжай бойынша 02орналасқан екен. Байланыс нөмірлері: +7 702 241 22 27; +7 700 230 78 00;

Құрметті жерлестер! Егер де сізді жылдамдығы жоғары, ұялы байланыстың бесінші ұрпағы «5G» қызықтырса, замана көшінен қалмай қолжетімді инетрнет қолдану қызықтырса жоғарыдағы нөмірлерге хабарлаңыздар!

Данияр БЕК.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ



Қыземшек кентінде аудан әкімінің жүлдесі үшін ересектер арасында кіші футболдан республикалық турнир өтті. Аталған жарысты аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов ашып, қатысушы командаларға сәттілік тіледі.

Жалпы Созақ ауданында спорттық алаңдар көптеп салынып, бұқаралық спортты дамытудың өзіндік ерекшеліктері қалыптасты. Биылғы жылдың өзінде заман талабына сай жабдықталған стадион мен кіші футболға арналған алаңшалар ел игілігіне ұсынылды. Бүгінгі сайыста спортты жанына серік еткен барша қатысушы командаларға сәттілік тілеймін. Алдағы уақытта осы командалар елдің намысын халықаралық аренада

қорғауына тілектеспін, - деді.

Дәстүрлі түре өтіп отыратын жарысқа биылғы жылы облысымыздың аудан, қалалары мен көршілес Жамбыл облысынан келген 14 команда қатысты.

Тартысты өткен турнирде командалар өздерінің спортта мықты екендіктерін дәлелдеп, жарыстың алғашқы минуттарынан бастап өз шеберліктері мен әдемі ойын өрнегін көрсетті. Чемпион болған командалар мен үздік ойын көрсеткен спортшыларға аудан әкімінің кубогы мен сый-сияпаттары табысталды.

Жарыс қорытындысымен жүлделі ІІІ орынды Таукент кентінің командасы иеленсе, ІІ орынға «Қыземшек кентінің жастары» құрамасы табан тіреді. Ал, өзгелерден айла-тәсілін асырып, І орынды қанжығаларына байлаған Қыземшек кентінің командасы жарыстың жеңімпазы атанды.

Сондай-ақ, Жайсаңбай Жасұлан (Қыземшек кентінің командасы) – үздік қақпашы, Тұраров Сүндет (Достар командасы) – үздік қорғаушы, Нұрманов Шахайдар (Кентау қаласы) – үздік ойыншы, Әмірзақ Нұрбол (Қыземшек жастары командасы)-үздік сұрмерген, Мәдібеков Мықберген (Таукент кентінің командасы)-үздік шабуылшы номинацияларына ие болды.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Созақ ауданы әкімдігінің Ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы және «Ұлттық сараптамалық талдау орталығы» қоғамдық қорының жобасы негізінде «Біртұтас ұлт және зайырлы қоғам» тақырыбында Созақ ауданы бойынша мекемелерде 80 кездесу өткізілді. Оның ішінде мектеп оқушылары мен ұстаздар қауымы, балабақша қызметкерлері, аурухана қызметкерлері, ауылдық округ тұрғындары мен өндіріс орындарының жұмысшылары қамтылды. Басты мақсат еліміздің «Зайырлылық» ұстанымын түсіндіру және теріс діни бағытты ұстанушы топтардан сақтандыру болатын. Бұл жолда басшылыққа халқымыздың маңдайына бақ болып біткен ақын жырауларымыз бен діни қайраткерлерімізді алдыға қойдық. Яғни Абай және Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Шал ақын. Олай ету себебіміз қазақ болып тууды



Біртұтас ұлт және зайырлы қоғам

Құдайдан тіліп алғанымыз жоқ. Тәңірдің маңдайымызға жазғаны осы. Сол себепті діни танымды да өткен ата-бабамыздан үйренейік, дін, Құдай төңірегінде Абай мен Шәкәрім не депті? Осыны түсіндірейік деген мақсат еді. Ең әуелі еліміздің дінге қатысты «Зайырлылық» ұстанымын түсіндіре кетсек.

Осыдан 30 жыл алдын Қазақстан Республикасы дінге мейлінше шектеу жолын ұстанған ел құрамында еді. 1991 жылы ел егемендігіне жетіп Республиканың жеке Конституциялық заңы қалыптасты және Конституцияның бірінші бабы: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы-адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп көрсетілді. Осы тұрғыда «зайырлылық» деген сөзге түсіндірме беріп өтсек.

Бүгінгі таңда зайырлылық туралы анықтамалар өте көп. Солардың бірнешеуін тізбектер болсақ: «барлық діндерге бейтарап қарайды», «діни басшылықтан тәуелсіз», «теологиялық қағидалар мен нормалардан азат» деген мағыналарды білдіреді. Дегенмен қоғам арасында «зайырлылық» ұғымын атейизммен теңестіретін адамдарда табылып жатады. Зайырлылық-«атеизм» немесе «дінді жоққа шығару емес», керісінше – адамның ар-ождан бостандығын діни сенім еркіндігіне кепілдік беруді білдіреді. Бұл анықтама «ар-ождан бостандығы», «төзімділік» және «толеранттылық» сияқты құқықтық, моральдық түсініктермен тығыз байланысты. Мемлекеттің дінге деген қатынасының демократиялық сипатта екендігін танытады. Қоғамның кез-келген мүшесіне, оның діні, тегі, нәсіліне қарамастан, әр адамның қандай да бір дінге сену, сенбеу мәселесіне араласпайтын ұстаным. Яғни – адамның ар-ожданының, моральдық болмысының еркіндігіне мүмкіндік беретін, мемлекет азаматтарының арасындағы қарым-қатынасты тек құқықтық негізде шешуді қамтамасыз ететін бүгінгі мемлекеттік басқару жүйесінің ең басты тетігі. Осы жүйені негізге алған елімізде дәл қазіргі уақытта 18 конфессия өкілдері бір аспанның астында ымырагершілікте өмір сүреді. Дегенмен тарихи және мәдени ерекшелігімізді ортаға қоя келе 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заң қабылданып, преамбуласында «сүнниттік Ханафи мазхабы мен христиандық православтардың тарихи рөлін танитынын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алды».

Дін деген терминнің анықтамасы өте көп. Бірақ дін деген бір сөзбен айтқанда Құдайға деген сенім Мектеп оқушылары, ауыл тұрғындарымен өткізілген жиналыстарды біз мына нәрсені байқадық. Дін деген ұғым мен мұсылман деген кім? деп сауал қойдық. Сондағы естіген жауабымыз: намаз оқу,

ораза ұстау, жұма күні мешітке барып намаз оқу, қажылыққа барып келу. Қазіргі көп мұсылмандар дін төңірегінде осындай ойда. Осыларды жасап шықса болды Құдай жұмағын дайындап қойғандай болып тұрады. Тіпті адамның ғибадат жасаудағы мақсаты жұмаққа бару дейтіндер бар. Бірақ бұл дегенің Жаратушымен ашықтан-ашық саудаласу ғой. Дұрыс жоғарыда айтылғандарды Жаратқан мұсылмандарға жасауды бұйырды. Бірақ мұның барлығы діннің сыртқы көріністері.

Ал діннің ішкі көрінісі адамның моральдық, рухани бай болуын айтамыз. Қазіргі күнде адамдардың бойынан тек сыртқы көріністері ғана көрініп ішкі мазмұн қалып бара жатыр. Намаз оқиды бірақ, адамдарды алдауда алдына жан салмайды, ораза ұстайды бірақ ұрлық жасайды, қажы болады бірақ аярлықпен, қулықпен халықтың ақшасын тартып алуда. Бұл дегеніміз қасиетті ислам дінінің атына кір келтіру. Сонда қайтпек керек? Әрбір адамның бойында-мейірімділік, арлылық, адалдық, әділдік, уәдеге беріктік, мәрттік, жомарттық, ұят, отансүйгіштік, жауапкершілік, адамдарға деген бауырмалдық, ата-анаға деген құрмет, үлкен мен кішіні бірдей сыйлау секілді адамгершілік қасиеттер бойымыздан табылса онда біздің иманды болғанымыз деп дін сөзін түйіндеуге болады. Өйткені мұның барлығы діннің талабы. Сол үшін де Абай Хакім айтады:

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек шын, көңіл
Өзгесі хаққа жол емес
Қарасаңыздар Алла, Құдай деп жүргендер қаншама. Бірақ сол адамдар АЛЛА деген қасиетті есімді тілмен айтып жұрма, жүрекпен айтып жұрма? Ал бізде қалай? Менің ойымша ҚҰДАЙДЫҢ есімін жүрекпен айтып ар-ятына бекем болған адам ол қылмыс жасамайды, ол мемлекеттің ақшасын ұрламайды, ол ОТАНЫН сатпайды, ол көшеде ешкімге қысым көрсетпейді, ол өз ОТАНЫНА қарай тас атпайды. Ал мұсылманның мақсаты тек өз қамы емес өзгенің, өз отаныңның қала берді адамзаттың қамын жеп, дініне, тіліне, жасы мен жынысына қарамастан көмек қолын беріп және сол көмегің үшін ешкімнен марапат пен қолпаштау күтпеу. Дана Абай 38 қара сөзінде: Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаң болса өзіңе ғана пайда, ол Құдайдың жолы емес, ғаламнан жиылсын, маған құйылсын, ортырған орныма ағып келе берсін деген ол не деген нысап? Не түрлі болса да я дүниененен, я ақылдыңнан, я малыңнан секілді адамдарға шапағат, көмек секілді жақсылық тигізбек болсаң сол – ҚҰДАНЫҢ ЖОЛЫ деген екен. Қазақтың алтын асықтай ұлы марқұм этнограф Ақселеу Сейдімбек былай дейді: Қазақ бұрын мемлекеттік іргелі істерді хатқа түсіріп, нотариуспен куәландырмай бір ғана уәдемен шешіп кете берген. Себебі УӘДЕ – ҚҰДАЙ СӨЗІ деп түсінген. Ал менің ойымша нағыз мұсылманның жолы осылай болу керек секілді.

Мұсылман адамға қажылыққа өмірін-

де бір рет қана бару парыз. Онда да жағдайы жеткен мұсылманға ғана. Бірақ мектеп оқушыларынан байқағанымыз қажылыққа баруды білім алудан жоғары қоятындыры байқалды. Кезінде ел арасында Шал ақын атанған Құлекке Тілеукеұлы былай деген екен:

Мекке менен Мәдина жолдың ұшы,
Иман таба алар ма барған кісі?
Ата-ананы мейманды құрметтесең,
Меккеден де нұрлы ғой үйдің іші. Демек мұсылман адамға бірінші орында ата-анаға деген шексіз құрмет жасау екен.

Қазіргі таңда есітіп жатамыз «ғылыми яғни дүниелік білімді алудың керегі қанша? Бәрібірде ақыретте құлшылық, ғибадатымыздан сұраламыз» дегендей сөздерді. Ия рас, ақырет әлемінде әуелі құлшылығыңнан, сұралатындығың ақиқат. Бірақ, осылай екен деп дінді ғана оқып, құлшылықпен ғана айналысып ғылымды ысырып қоюға әсте болмаса керекті. Себебі Құран Кәрімде және хадис шәрифтерге ден қояр болсақ жоғарыда айтып өткендей дүниелік білімнің не керегі бар? деген жандардың сөзі жаңсақ пікірде жүргендігіне көз жеткіземіз. Құран Кәрімнің алғашқы аятта «Алақ» сүресінде «Оқы!» «Сені жаратқан Раббыңның атымен Оқы!» деп білім алуға шақырумен басталады. Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с) хадис шарифінде «Білім алу, тал бесіктен, жер бесікке дейін» деп, оқуға, ғылым үйренуге жол нұсқайды. Осы жолды ұстанған алдыңғы дәуірлерде өмір сүрген мұсылмандар ислам дінін бүкіл әлемге білімнің, ғылымның діні ретінде танытты. Олай дейтініміз ислам келмей тұрып Еуропа қандай болды, ислам келгеннен кейінгі Еуропа қандай болды. Ғылымның өркен жаюымен Ренессанс дәуірі деген атақта алды. Тіпті ислам діні келмей тұрып жаһилият дәуірі деген жаман атты алған Араб түбегінде адамның құқықтары сақтала бастады. Әсіресе қоғамдағы әйел адамның құқығын алып берді. Яғни алғашқы заң жобасы қалыптаса бастады.

Хакім Абай өзінің жиырма бесінші қара сөзінде «...Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма!» деп жалпы қазақты оқуға, білім алуға үндейді. Қазақтың ағартушы ұстазы Ы.Алтынсарин атамызда өзінің өлең жолдарын: Бір Аллаға сыйынып,

Экстремизм – латын тілінен енген термин, «соңғы, шеткі» деген мағынаны білдіреді. Ал саяси мағынасы экстремизм бойынша – бұл шектен шыққан көзқараспен және іс-әрекетімен ерекшеленетін күрделі әлеуметтік феномен. Сонымен қатар, бұл тікелей немесе жанама түрде зайырлы қоғамдағы демократияны жоққа шығаратын саяси қызмет түрі. Сондай-ақ шынайы діннің негізгі қағидаларынан, қазіргі қолданыстағы ұлттық заңнамалардың және халықаралық құқықтың қағидаттарынан тыс шектен шығу дегенді білдіреді. Экстремизм: саяси экстремизм, діни экстремизм және ұлттық экстремизм болып бірнеше топқа бөлінеді.

Ал «діни экстремизм–басқа діндерді ұстанушы адамдарға төзімсіздік танытып, соған сәйкес қоғамға қарсы, көбінесе құқыққа қайшы, соның ішінде азаматтарға қарсы күш қолдану әрекеттеріне шақыру».

Діни экстремизм ұғымына Қазақстан Республикасының 2005 жылдың 2 ақпанында қабылданған «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңында мынадай сипат берген:

Экстремизм–жеке және заңды тұлғаның, жеке және заңды тұлғалар бірлестігінің белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдардың атынан іс-әрекеттер ұйымдастырылуы және жасауы;

Жеке және заңды тұлғаның, жеке және заңды тұлғалар бірлестігінің мынадай экстремистік мақсаттарды: діни өшпенділікті немесе алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен неме-

се зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез-келген діни практиканы қолдануды көздейтін іс-әрекет ұйымдастыруы және жасауы.

Зерттеуші ғалымдардың көзқарасы бойынша діни экстремизмнің шығуының басты үш негізін атап көрсетеді. Біріншісі–діни сауатсыздық. Дінге толыққанды діни таным-түсінікпен келмеу, діннің негізгі қағидаларын дұрыс түсінбеу діни сауатсыздықтың басты көрінісі. Екіншісі – теріс пиғылды ағымдардың өкілдерінің сөзіне еру арқылы қалыптасқан жаңсақ сенім. Ал, үшіншісі–әлеуметтік мәселелер. Көп жағдайда жұмыссыз жастардың болашаққа сенімсіз жағдайын пайдаланып экстремистік идеология жетекшілері олардың санасына шетін көзқарасты сіңіреді.

Ғаламтор кеңістігіндегі мұсылмандардың қысымға ұшырауы жайлы материалдар, әсіресе АҚШ, Еуропа, Израильдегі, Ресейдің Кавказ аймағындағы мұсылмандар туралы ақпараттарды, қанға бөккен адамдардың суреттерін, бейнематериалдарды ашық көрсету арқылы күллі әлемді мұсылмандарға жау ретінде көрсетуге ұмтылу діни экстремистік бағыттың негізгі жұмысы дегуге болады. Мұндай іс-әрекеттер біздің елімізде де болып жатқан жатқандығы жасырын емес. Шетелдегі түрлі діни экстремистік-террористік қарулы топтардың қатарына қосылып жатқан азаматтарымыз болды. Мұндай топтармен күрес жүргізу еліміздің басты бағыттарының бірі. Сол себепті түрлі діни радиализм, экстремизм көріністерінің алдын алу және терроризм қатерлеріне жол бермеу арқылы жеке азаматтар мен қоғамның және мемлекеттік биліктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қабылданған «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама» шеңберінде экстремизммен күресудің түрлі іс-шаралары жасалында.

Қорыта айтқанда оқырмандарға айтарымыз қоғамның дамуы біртұтастық пен ынтымақ, бірлікте. Сондықтан да халқымызда бақ қайда болса, ынтымақ бірлік сонда деуі бекер еместі. Мақаланың соңына Шәкәрім қажының өлең жолдарын жаза кетуді жөн көрдік.

Хақ мұсылман кім болар,
Айтқан сөзі шын болар.
Рахым, ұят, ар, ынсап,
Төртеуі болса дін болар, деп мұсылманның сипатын түсіндірді. Ел аузында «Хақтың разылығы халықтың ішінде» деген даналық сөз бар. Қандай да бір адамның дініне, тіліне, түр сипатына қарамастан қол ұшын созып, көмек беруде діннің негізгі талабы десек болады.

Қ.ҚОСМАХАНОВА,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ маманы.

Ақсүмбе жұртын ағартқан азамат

Ақсүмбе ауылының алғашқы ұстазы Әшен Қалмырзаұлы 1913 жылы Созақ ауданы Қаратау ауылының Ақсүмбе елді мекенінде шаруа отбасында дүниеге келген. Алғашқыда ауыл молдасынан оқып ескіше (арабша) хат таниды. Кейініректе ол Төлеу-сазында құрастырылған Қызыл отауда орыс алфавитін таниды. 1929-1930 жылдары Шиелі ауданы Шиелі қыстағы Оңтүстік облысы «Қазақ АССР-і» орталау мектебінде оқиды. 1930-1934 жылдары Ақсүмбеде ұйымдастырылған артельдің кейініректе Ворошилов атындағы колхоздың есепшісі болады. 1934-1941 жылдары арасында бастауыш мектеп мұғалімі, 1919 жылы В.И.Ленин қол қойған РСФСР халқының сауатсыздығын жою жөніндегі декретке сәйкес жергілікті жерлерде сауатсыздықты жою комиссиясы құрылғаны белгілі. Сауатсыздықты жою (ликвидация безграмотности)-КСРО-дағы сауатсыз еңбекші халқына жалпыға бірдей міндетті сауат ашу. Кеңес билік құрған алғашқы онжылдықтарда КСРО-дағы сияқты Қазақстанда да бұқараның мәдени деңгейін арттыру саласында қомақты жетістіктерге қол жеткізілді. Бұрынғы артта қалған халықтардың ілгері кеткен Орталық Ресейді қуып жетуі үшін халықтардың ана тілінде мектеп, баспасөз, театр, клуб ісін дамыту, халық шаруашылығының барлық салалары үшін білікті кадрлар даярлау, ол шараларды іске асыруға арналған мектептер мен курстар желісін кең өрістетуге міндетті алға қойылды. Отар аймақтардың қатарындағы Қазақстанда да зиялылар аз болатын. Олардың Алаш қозғалысына қосылған бірқатары революция барысында жазаға ұшырады. Өлкеде мәдени құрылысты өрістетудің материалдық-техникалық базасы болмады. Сондықтан сауатсыздықты жою үдерісі баяу ілгеріледі. 1924 жылы «Сауатсыздықты жою қоғамы» ұйымдастырылды. Ол еңбекшілердің қолдауымен ерікті мүшелік негізінде жұмыс жүргізді. 1931 жылғы желтоқсанда республиканың 15 жастан 50 жасқа дейінгі сауатсыз еңбекші халқына жалпыға бірдей міндетті сауат ашу енгізілді. Қазақстанның халыққа білім беруге бөлінген қаражат мөлшері өсті. Ұлы Отан соғысы басталар алдында еңбекке жарамды тұрғындар арасында сауатсыздықты жою аяқталды. Халық бұқарасын жаппай сауаттандыру Қазақстандағы мәдени өзгерістердің маңызды қорытындыларының бірі болды. Большевиктер билікке келген алғашқы күндерінен бастап жаппай сауатсыздықты жою үшін күрес жүргізуге кірісті. Кеңес үкіметінің жергілікті билік органдары Азамат соғысы жағдайында мүмкіндігінше мектептер ашты. Халықты ағарту арқылы большевиктер өздерінің идеологиясын сіңіруді және қарапайым адамдардың сеніміне кіруді көздеді. 1918 жылы шілдеде Түркістан АКСР-інде Халық ағарту комиссариаты (Наркомпрос), ал бұған дейін Қырғыз революциялық комитетінде мектеп бөлімі ашылған еді. 1919 жылы желтоқ-



санда В.И.Ленин «РСФСР халықтары арасында сауатсыздықты жою туралы» Декретке қол қойды. 1920 жылдан бастап большевиктер Лениннің тапсырмаларын жүзеге асыра отырып, барлық жерде сауатсыздықты жою жөніндегі төтенше комиссиялар құруға кірісті. Олар хат танымайтындарды есепте алу, мұғалім кадрларын даярлау, мектептер мен қысқа мерзімді кур-

мектептері, мектеп-интернаттар, рабфактар (жұмысшы факультеттері) құрыла бастады. Қазақстанда сауатсыздықты жою науқаны барысында көптеген кедергілер кездесті: қаражаттың жетіспеушілігі, мектеп үй-жайы және оқулықтар мен тәжірибелі мұғалімдер тапшылығы. Осыған байланысты А.Байтұрсынұлы жаңадан ашылып жатқан мектептерге 20 мың

оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар жетіспеді. Сауатсыздықты жою күресінде «Қызыл отау» аталатын білім ошақтары жұмыс істеді. Олар отырықшы халық арасында оқу үйі атқаратын міндеттерді орындады. 1924 жылдың ақпан айында «Сауатсыздық жойылсын» қоғамының қазақстандық бөлімі жұмысын бастады. 1925 жылы қоғамның 882 бастауыш ұйымында 77800 мүше тіркелді. 1925 жылдары ұлы ағартушы А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің фонетикалық жүйесіне бейімделген араб әліпбиін жасады. 1925 жылдан бастап халық ағарту ісіне жұмсалатын қаржы мөлшері арта түсті. Барлық үлгідегі жаңа кеңестік мектептердің желісі өсті. Соның арқасында оқушылар саны ұлғайды. Кітаптар шығару жыл сайын артып отырды. 1926 жылы сауаттылық деңгейі қазақ халқында—6,9%, орыс халқының арасында 36%-ды құрады. Кеңестік Қазақстандағы сауатсыздықты жоюға бағытталған шаралар 1918 жылы «Бірыңғай еңбек мектебі туралы декларация» қабылданды, 1919 жылы «Сауатсыздықты жою туралы декрет», 1921 жыл «Сауатсыздықты жоюға арналған Орталық төтенше комиссия (Казграмчека) құрылды, 1924 жылы ақпан айында «Сауатсыздық жойылсын» қоғамы құрылды. 1930 жылы тамызда Жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқу енгізілді. Қазақстанда кеңестік бірыңғай мектептер жүйесін құрудағы негізгі қиыншылықтар туралы мәселелер жыл сайын мұғалімдер конференциясында айтылды: мектептердің әлсіз материалдық-техникалық базасы; антисанитария; балалар арасында аурудың таралуы; білімді маман мұғалімдердің жетіспеуі; аудандық білім беру бөлімдері тарапынан мектептерге әдістемелік басшылық пен көмектің жоқтығы; оқытуда әртүрлі, ескі әдістердің қолданыста болуы; еңбек тәртібін бұзушылық жиі орын алып отырды. Оқу жоспарлары мен бағдарламалар жетіспеді, оқушылардың сабаққа қатысуы өте нашар, оқытушылардың жалақысы өте төмен болды. Оқу орындары көбінесе санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келмейтін. Сыныптардағы оқу-

шылар саны шамадан тыс көп, кейде 45 оқушыға дейін жетті. Бұл мәселелер орыс мектептерінде, қазақ тілінде оқытатын мектептерде де кездесті. Оқытушылар халық санақтарын жүргізуге, идеологиялық іс-шаралар мен жиналыстарға қатысып, сенбіліктерге шықты. Олар республика өмірінің барлық оқиғаларында белсенді қатысушылар мен ұйымдастырушылар қатарында болды.

«Сауатсыздық жойылсын» қоғамы жұмысына комсомол жастар белсене атсалысты. 1928 жылы олардың бастамасымен мәдени жорық ұйымдастырылды. 1930 жылы мәдени жорыққа 5 мың комсомол мүшелері қатысты. Бұл декретке сәйкес 8-50 жас арасындағы сауаттандыру міндеті қойылды. Қазақстандағы 1939 жылғы санақ бойынша ер кісілердің 90,3 пайызы әйелдердің 79,8 пайызы сауаттандырылды. Өзі бастауыш мектеп мұғалімі бола жүріп Әшен ұстаз бұл жұмысқа бар ынтымақпен атсалысты. Нәтижесінде 1938 жылы Әшен Қалмырзаұлы оқытқан 8-50 жастағы Ақсүмбе тұрғындары тегі сауаттандырылды. Бұл қажырлы еңбегін үкіметіміз жоғары бағалады. Ол 1942 жылы Отанымыздың астанасы (бұрынғы деректерден алынған сол себепті Мокваға арнайы шақырылып сол кездегі ССРСР Жоғарғы Советі Президумының председателі болып сайланған. М.И.Калининнің өз қолынан «Еңбектегі ерлігі үшін» деген медаль аудан бойынша алғаш алғандардың бірі болады. Күтімсіз өткен шаруа баласының бір аяғы жастайынан ақсақ болатын. 1941-1945 Күмісті ауылдық Советі Созақ ауданы Оңтүстік Қазақстан облысы ҚазССР жылдары Әшен Қалмырзаұлы басқарған Ворошилов колхозы үнемі аудан шаруаларының алдыңғы санында болды. Колхозшылар өздерінің жанқиярлық еңбегімен жеңіске айтарлықтай үлес қосты, майданға солдаттарға жылы киімдер, т.б. мал өнімдерін, азық-түліктерді дүркін-дүркін жөнелтіп отырды. Әшен Қалмырзаұлының өзі жауға қарсы танк жасау үшін 100 (жүз мың) сом ақша жіберді. 1945 жылы денсаулығына байланысты ағартушылық жұмысына ауысты. Алғашқыда Күмістінің, кейініректе 1941-1942 жылдары Энгельс орталау мектебінде директорлық қызметін атқарады. 1947 жылы науқастанып 34 жасында дүниеден өтті. Сол уақытта Әшен Қалмырзаұлының колхоз бастығы партия қатарына өтуіне рекомендация келісім кепілдеме берушілер қатарында аудандық дайындау мекемесінің директоры Ерімбетов Тоқабай, дайындау мекемесінің бастығы Тастыбаев Әшірбек, МТС мекемесінің саяси орынбасары П.Есжановтар болды. Сөйтіп, 1943 жылдың 11 мамырынан бастап партия мүшелігіне кандидат ретінде мүшелікке алынады. Есімі ел есінде ағартушылық жолымен есте қалған есіл ерлердің есімі ұмытылуға тиісті емес.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Менің өмір тарихым

Мен, Қалмырзаев Әшен 1913 жылы Созақ ауданы Күмісті советіне қарасты Ворошилов колхозында, Ақсүмбе өзенінде кедейдің семьясында туылдым. Әкеме өмірінде бір ат, бір түйеден артық мал біткен емес. Әкем-шешем менің алты жасымда өлді. Менің өзіммен бірге туысқан үш үлкен ағайыным болды. Ең үлкен ағайдың қолында болдым. Екі туысқаным ауқаттылардың малын жайып жүрді. Мен мал бағып кісі қызметін істеуге жарамай ақсақ болдым. Жеті жасқа жетпей таяқпен жүретін ақсақ болдым. Содан 30 жылы колхоздың есепшілер курсына Созаққа үш ай оқыдым. Одан бұрын Шиелі ауданында интернатта бір жыл болдым. 1931 жыл Ворошилов колхозында есепші болып, 1934 жылы мұғалімдікке ауыстым. 1934 жылдан 1940 жылға дейін Ворошилов атындағы бастауыш мектепте мұғалім болдым. Сырттан оқу жолымен Түркістан педучилищесінде үш жыл оқып 9 класты бітірдім. 1940 жылы мектепке мұғалім етіп қабылдады. Сол жылы 93 кісіні сауатты еткенім үшін Қазақстанның 20-жылдығында орай «Еңбектегі батырлығы үшін» медалімен марапаттады. 1941-1942 оқу жылында мені района Энгельс атындағы орталау мектепке директор етіп жіберді. Онда мемлекеттік пландарды асыра орындағаным үшін, сол жылы 25 маусымда көпшіліктің қаулысымен Ворошилов колхозының председателі етті.

Ворошилов колхозының председателі Қалмырзаев.

стар ұйымдастырумен айналысты. Курстарда оқу мен жазуды үйретумен шектелмей, табиғаттану, бухгалтерлік есеп, ән сабағы, сурет салу т.б. пәндерді оқытты. Белгілі бір дәрежеде идеология мәселесі де қатар жүргізілді. Осы мақсатта кеңестік билік органдары Алаш қайраткерлері мен халық ағартушыларын тартты. Мысалы, 1919 жылы Ақмола облысының Омбы уезінде ағарту курстарында жұмыс істеуге қоғамның сауатты азаматтары Мағжан Жұмабаев, Қошқе Кеменгер, Әміре Исин шақырылды. Сауатсыздықты жою мақсатында мемлекет ауылға жаппай мәдени жорық ұйымдастыруды жариялады. Сауатсыздықты жоюдың көшпелі пункттері, әйелдер арасындағы сауатсыздықты жою үшін қызыл отаулар, коммуна

мұғалім керек екенін айтты. Ал бөлінген қаржы көлемі 2616 мұғалім мен кітапханашылардың жалақысына ғана жететін еді. Сондықтан ол жергілікті билік органдарын мектептерді өз бетінше ашуға, оларды ұстауға өз қаражаттарын жұмсауға шақырды. 1921-1922 жылдары Қазақстанның барлық губернияларында аштық жайлаған кезеңде мектеп ісінің жағдайы өте ауыр еді. Республикада қараусыз қалған жетім балалардың саны айтарлықтай өсті, олар мектептен тыс қалды. Мәселен, 1921 жылы Қазақстанда 158 мың панаусыз балалар болды, ал 1922 жылы олардың саны 333 мыңға жетті. Халыққа білім беру қажеттігіне бағытталған қаражат аштықтан зардап шеккен тұрғындарға жіберілді. Мұғалімдер жиі жалақы алма-

Қазақстан Республикасының «Жер кодексінің» 43-1-бабына сәйкес, Түркістан облысы, Созақ ауданы әкімдігі ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскелерін жалға беру жөніндегі конкурс жариялайды. Конкурс арқылы жалға берілетін жер учаскелерінің ТІЗБЕСІ

Жер учаскесінің Лот №	Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы	Көлемі, (га)	Ауыл округі	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Бонитет балы	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы	Жалға беру мерзімі, жыл
1	Жайылым	1000	Созақ	Шалғынды-қоңыр ашық солтүстік орташа сортаң	7,0	егін шаруашылығы	49
2	жайылым	50	Шолаққорған	Шөлді сортаңды сұр- қоңыр ашық сазды топырақ	7,0	мал шаруашылығы	49
3	Жайылым	1000	Қаратау	Шөлді сортаңды сұр- қоңыр ашық сазды топырақ	7,0	мал шаруашылығы	49
4	Жайылым	1000	Созақ	Сұр-қоңыр шалғынды-шөлді сортаң орташа сазды	6,0	мал шаруашылығы	49
5	Жайылым	466	Қарақұр	Сұр-қоңыр шалғынды-шөлді сортаң орташа сазды	6,0	мал шаруашылығы	49
6	Жайылым	500	Қарақұр	Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты сортаң шөлді сортаң жеңіл жазды	7,0	мал шаруашылығы	49
7	Жайылым	2500	Құмкент	Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты	6,0	мал шаруашылығы	49
8	Жайылым	2845	Жуантөбе	Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты сортаң шөлді сортаң жеңіл жазды	6,0	мал шаруашылығы	49
9	Жайылым	6500	Қаратау	Шалғынды сортаң, тақыр тәрізді жоталы құм	6,0	мал шаруашылығы	49
10	Жайылым	2500	Құмкент	Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты сортаң шөлді сортаң жеңіл жазды	7,0	мал шаруашылығы	49
11	Жайылым	2500	Құмкент	Ашық солтүстіктің дамымаған сұр топырақтары, орташа тасты-қиыршақ	7,0	мал шаруашылығы	49
12	Жайылым	2500	Құмкент	Ашық солтүстіктің дамымаған сұр топырақтары, орташа тасты-қиыршақ	7,0	мал шаруашылығы	49
13	жайылым	1000	Жуантөбе	Сұр-қоңыр кәдімгі дамымаған орташа құмды сазды	6,0	мал шаруашылығы	49
14	Суармалы егістік	2	Сызған	Шалғынды қоңыр сортаң суармалы ауыр сазды	51,0	мал шаруашылығы	49
15	Жайылым	1227	Шу	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	6,0	мал шаруашылығы	49
16	Жайылым	1000	Шу	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	6,0	мал шаруашылығы	49
17	Жайылым	1500	Жуантөбе	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
18	жайылым	500	Созақ	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
19	Жайылым	397,8	Сызған	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	10,0	мал шаруашылығы	49
20	Жайылым	1000	Тасты	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	6,0	мал шаруашылығы	49
21	Жайылым	568	Жартытөбе	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	17,0	мал шаруашылығы	49
22	жайылым	2000	Созақ	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
23	жайылым	1135	Созақ	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	6,0	мал шаруашылығы	49
24	Жайылым	1500	Қарақұр	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	8,0	мал шаруашылығы	49
25	Жайылым	2800	Қаратау	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	5,0	мал шаруашылығы	49
26	Жайылым	56	Шолаққорған	Солтүстік сұр, орташа сазды топырақ	7,0	мал шаруашылығы	49
27	Жайылым	1000	Шу	Солтүстік сұр, орташа сазды топырақ	7,0	мал шаруашылығы	49
28	Суармалы егістік	16,6	Созақ	Солтүстік сұр, орташа сазды топырақ	6,0	мал шаруашылығы	49
29	Жайылым	1000	Қарақұр	Дамымаған солтүстік сұр, жеңіл сазды топырақ	8,3	мал шаруашылығы	49
30	Жайылым	5000	Қаратау	Солтүстік кәдімгі сұр, орташа сазды топырақ	7,0	егін шаруашылығы	49
31	Жайылым	2000	Қарақұр	Солтүстік кәдімгі сұр, орташа сазды топырақ	7,0	егін шаруашылығы	49
32	Жайылым	1000	Жартытөбе	Дамымаған солтүстік сұр, жеңіл сазды топырақ	7,0	мал шаруашылығы	49
33	Жайылым	1000	Жартытөбе	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
34	Жайылым	1500	Жартытөбе	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
35	Жайылым	1000	Шу	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49

Суармалы егістік 18,6 га, жайылым 51409,8 га: Барлығы 51428,4 га

Қазақстан Республикасының «Жер кодексінің» 43-1 бабының 6-тармағына сәйкес, ауданның, облыстың маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдауды шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарлама тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында және жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында алғаш рет жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, күнтізбелік он бес күн өткен соң бастайды. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдау және тіркеу-өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Аудандық жер қатынастар бөлімі.

Пәндік құзіреттіліктерін дамыту курсынан өтті

Үстіміздегі жылдың қазан айының 23 мен қараша айының аралығында

«Нәзір Төреқұлов атындағы IT мектеп-лицей» КММ-де ауданымыздың барлық мектептерінің бастауыш сынып мұғалімдерінің қатысумен екі апталық курс өтті. Курстың мақсаты: «Бастауыш сынып мұғалімдерінің математика, қазақ тілі және әдебиеттік оқу пәндері бойынша пәндік құзіреттіліктерін дамыту» болатын.

Жоғарыда айтқанымдай, курсқа ауданымыздың әрбір мектебінен екі ұстаздан қамтылды. Бұл ұстаздар білім көтеріп қана қоймай, өздерінің күнделікті іс-тәжірибелерінің нәтижесін сабақты қорғау барысында көрсете білді. Курстың тренеры Төлегенова Бекзада Сейдханқызы курсқа қатысушыларға ерек-



ше ризашылығын білдірді. Курсқа қатысушы, «Нәзір Төреқұлов атындағы IT мектеп-лицей» КММ-нің мұғалімі Оспанова Гүлмира апайдың

айтуынша 2-апталық курс өте қызықты өткен көрінеді. Гүлмира Оспанқызы топ басшысы ретінде қажетті құралдарды түгелдеп отырды. Ал,

Белгібаева Қымбат әрбір сабақта дәлелдеу есебінде суреттер мен бейнематериалдар жұмыстарына жауапты болды.

Сондай-ақ, Аюбекова Гүлжан Ермеқызының да «Lesson Study» бағдарламасы бойынша өткен өте тартымды сабағы дақұрса қатысушылардың есте қалды. Әсіресе, жас мамандарға түсінікті тілде түсіндіріп, зерттеу жолын ашып берді. Жалпы айтқанда, жас мамандар қазіргі деңгейге сай білімді, қабылдауға қабілетті екендіктерін көрсете білді. Курсқа қатысушы ұстаздарымыз осы екі апта бойы алған білім-біліктері үшін тренеры Гүлмира Сейдханқызына алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдіреді. Оспанов Гүлмира апай сөз соңында: «Осындай, мұғалімдеріміздің білім-білігі мен кәсіби тәжірибесін арттыратын курстар болашақта да жиі болып тұрса игі еді!» деген ізгі ниетін білдірді.

Данияр ҚОЖАНТЕГІ.

Нашақорлық-қоғам дерті

Нашақорлық дегеніміз—есірткі немесе психотроптық заттарға тәуелділіктен туындайтын ауру. Нашақорлық көптеген қылмыстарға тікелей себепкер. Ғылыми деректерге сүйенер болсақ, кәмелетке толмаған нашақорлардың шамамен 2/3 бөлігі қылмыскерге айналады. Себебі, есірткіге деген құмарлық келесі дозаны алу үшін қылмысқа апармай қоймайды. Әсіресе, ұрлық жасауға көптеп итермелейді. Сонымен қатар, кейде агрессивтілік тудыратын есірткілер өзінің қатыгездігі мен мағынасыз қылмыстарға жетелейді. Ақырында есірткіден әлсіреген қылмыскер өзі оңай құрбан болады. Жоғарыда сөз болған ғаламдық мәселе біздің елімізде де айтарлықтай өршіп, ауыздықтатпай тұр. Тас шайнап, құм түкіретін ата-бабамыздың ізін, есірткіні жанына серік еткен нашақор азаматтардың жалғап келе жатқаны әрине, өкінішті-ақ. Әлемді жайлаған нашақорлық дерті күн сайын тамырын тереңге жайып барады. Бұл «жұқпалы ауруға» Қазақстан да шалдыққан. Ол уақыт озған сайын асқынып бара жатыр деп айтуға болады. Оған әртүрлі себептері бар. Менің ойымша, ең негізгісі— есірткі және психотроптық заттарға қол жетімділік. Бұған дәлел күн сайын әр-түрлі есірткі немесе психотроптық заттармен ұсталғандар жәйлі ақпараттар. Есірткі заттарды қолданатындардың басым көпшілігіне-мектеп жасындағы бойжеткендер мен бозбалалар жатады. Өйткені жасөспірімдер еліктегіш келеді, сондықтан бір реет есірткіні қолдансам ештеңе ете қоймас деп, қалай нашақор болғанын білмей қалады.

Есірткіге тәуелділіктің бастапқы профилактикасының мақсаты бұрын есірткі тұтынбаған адамдардың оны тұтынуды бастауының алдын алу болып табылады. Яғни күш-жігер аурудың дамуын ескертуге ғана емес, денсаулықты сақтау не нығайту қабілеттерін қалыптастыруға бағытталады.

Психикалық белсенді заттарды теріс пайдаланудың және нашақорлық профилактикасының мемлекеттік жүйесі қалыптасуының осы кезеңінде алдын алу қызметінің мақсаттары балалар мен жастардың есірткіге құндылық ретінде көзқарасын өзгерту, салауатты өмір салтын насихаттау есебінен есірткі құралдарын қабылдауға балалар мен жастарды еліктіруді тежеу, білім беру мекемелерінің қызметкерлерімен бірлесіп жүзеге асырылатын есірткіге қарсы ұстанымдар мен алдын алу жұмысын қалыптастыру болып табылады. Осыған орай құқық қорғау органдарының нашақорлықтың алдын алудағы ролдері басқа органдарға қарағанда маңыздырақ деп ойлаймын.

Нашақорлық — қоғам дерті. Нашақорлықпен күресу бір немесе бірнеше адам оңай жеңетін нәрсе емес. Бұл жерде түрлі мамандар, ата-аналар, қоғам белсенділері, сіздер мен біздер әрбір Қазақстанның азаматы тысқары қалмауы керек. Ғасыр індетімен күресу, оның жайылуына қарсы тұру біздің міндетіміз. Дүниедегі ең құнды, ең бағалы зат — ол сенің өмірің. Сенің өмірің, сенің амандығың, сенің жарқын әрі айқын болашағың өз қолыңда! Дұрыс таңдау — жарқын болашаққа бастар көпір және бақытты өмірдің айнасы.

Айсұлу САЙЛАУОВА,

«Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маман заңгері.

Сенім телефоны

«Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде 23-3-03, 23-3-43 телефонына хабарласуға болады.

«Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2022-2023 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2023 жылдың қараша айының 30 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған жағдайда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына 4-20-88 сенім телефонына хабарласуыңызға болады.

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл-сыбайлас жемқорлықты алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға

лы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сон-

болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне сеітігін тигізуде. Сондай-ақ,

Қоғам дертіне қарсы күресейік!

ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу және олардың салдарларын жою жөніндегі өз өкілеттігі шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметі.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тура-

дықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін

кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі.

Гульмира ПАЙЗОВА,
Созақ аудандық Қазы-
нашылық басқармасы-
ның бас маман-бас
қазынашысы.

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқық-

тары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік

қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне сеітігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі — ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

М.ӘШІРЕПИЕВ,
Созақ аудандық СЭББ
басшысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Аудан шаруаларының назарына!

2024 жылдың көктемгі егіс жұмыстарына дизель отынын қалыптастыру мақсатында ағымдағы жылдың 1-20 желтоқсан аралығында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін өтінім қабылдау «gosaggo» ақпараттық жүйесінде электрондық-цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) қолдану арқылы жүзеге асырылатындығын хабарлаймыз.

Қосымша ақпаратты Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің ұялы телефоны - 87785941710 арқылы хабарласып біле аласыздар.

Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі.

Орман-елдің байлығы

Табиғат байлығының өсу мен айналаға көрік беріп жайқалуы әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Таза экология, таза ауа, құмның тұрақтауы, жасыл белдеулі аймаққа айналып, ондағы жан-жануарларымыздың еркін жүруі ертеңгі ұрпағымыз үшін аманат. Ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу тұрақты жүзеге асырылып келеді.

Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі —таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, ағаш шыбықтарын отырғызсақ, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парызымыз орындалғаны болар еді.

Руслан ОРАЛБЕКОВ,
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің күзетші-қорықшысы.

Тәуелсіздіктің арайлы таңы

Киелі күй елі, сансыз баптар мен әз әулиелердің құт мекені, кешегі ғұлама жазушы Мұхтарлардың табаны тиіп, аузына өрелі сөз салдырған, домбыра шанағында Бозінгенді идірген, Сүгір, Жаппас, Төлегендердің мекені, қаламынан қара сөздің мәйегі тамған Асқар, Тәкен, Сәуірбектердің, алты алаштың ардағы Сұлтанбек Қожановтардың кіндік қаны тамған шежірелі Теріскей, күй құдіретті Созақ елі тәуелсіздік таңын республика жұртшылығымен бірге қарсы алады.

«Тәуелсіздік» қандай қа-

теп ашылууда, жұмыс істеймін, масылдықтан құтыламын деген адамдарға мемлекет тарапынан молынан жағдайлар жасалуда. Және осы жағдайлардың жемісін көріп отырған азаматтар ауылымызда да жетерлік.

Балаларымыздың елдің болашағы, білімді, тәрбиелі ұрпақ мәңгілік елдің кепілі екендігін жақсы түсінген Мемлекетіміздің ел игілігі жолына бағыттаған түрлі бағдарламалары жарияланып, жүзеге асырылуда. Мектепке дейінгі білім мен тәрбие-еліміздің жарқын болашағының кепілі. «Бала-



дірлі де құдіретті сөз. Арман болған тәуелсіздік бағы басымызға 1991 жылы қонды. Сол тарихи күннен бері 29 жылды артқа тастадық. Осы жылдары жеткен жетістіктеріміз бен асқан асуларымыз жайлы таңды таңға жалғап айтуға болады.

Өздеріңіз жақсы білетіндей тәуелсіздіктің алғаш жылдары ешкімге де оңай болған жоқ. Кешегі дүрілдеп тұрған кеңестік жүйеден мұраға жаппай жұмыссыздық, сөрелері бос дүкендер, жұмысы тоқтаған өндіріс орындары қалды. Сондай қиын күндері де халқымыз болашақтан үміт үзбеді. Президентімізге, оның осы тығырықтан алып шығар саясатына сенді. Өзге бір елдер сияқты қиындыққа шыдай алмай ереуілдеп, еліріп көшеге шыққан жоқ. Сабыр сақтады. Тыныштық пен бейбітшіліктің, төзімділіктің арқасында осындай күнге жеттік.

Мақтан тұтар мемлекеттік рәміздеріміз, төл теңгеміз, еліміздің әрбір азаматының құқығы мен бостандығына, ар-намысының тапталмауына кепіл болатындай Ата заңымыз бар. Халқымыздың әл-ахуалы жақсарды, әлемді шарпыған экономикалық дағдарысқа қарамай жаңа жұмыс орындары көп-

пан» бағдарламасын іске асыруға жоғары биліктен бастап жергілікті билікке дейін білек сыбана кірісті. Осы бағдарлама аясында аудан, қалаларда балаларға арналған шағын орталықтар іске қосылуда. Мектепке дейінгі тәрбие ошақтарында балаларымыз тәрбие алатынына бір қуансақ, қаншама жан жұмыспен қамтылып тағы қуандық. Осы бағдарламаның қабылдануы, соның аясында балалардың мектепке дейінгі білім мен тәрбиемен қамтылуы ел тәуелсіздігінің жемісі екені дау туғызбас. Біздің ұжым тәуелсіздік таңында өздерінің де сүбелі үлестері бар екендіктерін терең сезіне қызмет атқаруда.

Қазіргі таңда әрбір салаға қойылатын талап та жоғары. Ол талап ынтымақшылдық, сабырлық, білімділік, іскерлік, жаңашылдық, көшірмшілдік сияқты өз жанымыздан табылар ізгі амалдар болмақ. Ата балаларымыз аңсап өткен киелі Тәуелсіздігіміздің ғұмыры ұзақ болуы үшін ауызбіршілік пен ынтымақта бірлесе жұмыс жасайық, ардақты ағайын.

Дамира ТИЫНДЫҚОВА,
Созақ аудандық мемлекеттік архивінің архивісі.

Құрманбек Шекербаев ӘЖЕН-ТАЙУЛЫ 1961 жылы Жуантөбе ауылында дүниеге келген. Ол жастайынан өнерге жақын болды. Қазақтың батырлар жырын соның ішінде «Алпамыс», «Қобыланды», «Қыз Жібек» жырларын жатқа айтатын. Шопанның баласы болғандықтан балалық шағы жазғайлауы Бетпақдалада, қыс қыстауы құмда өтті. Өкініштісі қаншама жазылған өлеңдерін қазіргі таңға дейін сақтамай жоғалтып алған. Кейінгі жылдары қалам тербеп жазған өлеңдерін жинақтаған. «Қазатомөнеркәсіп» саласына қарасты «Ақдала» кенішінде оператор қызметін атқарады.



Таулы аймақ бөктеріндегі, Жастығым өткенің — бей. Жастық шақ шіркін дәурен, Алыстап кеткенің бей.

Қызығың жастық дәурен, Жарық етіп өтті сәулең. Бұл жалған өміріңде, Жете алмас дүние бір кем. Қ: с: Сағыныш сазым менің, Аққу мен қазым бе едің. Жастық шақ жайраңдаған, жазымбедің.

Сағыныш толғайды да, Жастығым шалғайдама? Мұңтартқан жүрегімді, Жұбатсаң болмайды ма? Қ: с: Оралмай кеткенің бей,

Жуантөбем жайнай бер шырайланып...

Киелі Қаратау

Қарт Қаратау теріскейден басталады, Мен мұндалап көрінеді қасқабағы. Қаншама өткен өмір куәсі боп, Сан ғасырлық тарихтың дастандары. Қанша сырды өзіңнен ақтара алам, Өткен күннің дүбірі бар аттандаған. Басынан Қаратаудың көш келеді, Із қалған шұбырынды ақтабаннан. Ерекше көрінеді дара тұлғаң, Аңыздар айтылады бәрі асылдан. Қаратау киелі тау жер мен көкте, Алпаның қалауымен жаратылған. Тау етегінде елді мекен жайлаған, Құлын ойнап желіде бие байлаған. Ынтымағын ойлаған ағайынның, Ақсақалдар би- болысын сайлаған. Небір мықты теріскейден өткен жоқ па, Соңынан жақсыларды еріткен жоқ па? Ашаршылық қуғын-сүргін дүрбелеңнен, Қанша жан шетел асып кеткен жоқ па? Қаратау талай сырды ішке бүккен, Аңызда бар Мыңжылқы басып өткен. Шығысында жартас тұр айнымайтын, Сәукелесін кигізген келіншектен. Созақта ғой Қарабура бабамыз, Қожа Ахмет құрмет тұтқан данамыз. Шудың бойы анамыздай әлдилер, Сыңғыр қаққан әуеніне қараңыз. Қаратау қарашаңырақ бағзыдағы, Сан мыңдағанғасырдың аңыздары. Тау ішін жаңғыртыпты Сәкен сері, Бастауын жол өткеннен алды дағы. Қаратау сен сахара құрдасындай, Құс қонып отырады бір тасындай. Әуезді ән мен жырды шырқасамда, Сен жайлы ойлар кешем бір басылмай. Арқаға Бетпақдала ана болған, Киіктер кірме мүйіз жараланған. Бәрі де басын иер Қаратауға, Көш көріп тұрғандай ақ қара жолдан. Бауырыңда қазба байлық алтындаған, Шағылысып күн нұрімен жарқылдаған. Әлемге аңыз болған Ураның бар, Қуатты өн бойынан сарқылмаған. Шу өзені жылдан жылға тарылыпты, Баяғы ағысынан жаңылыпты. Балықшылар балыққа шыға алмай, Үзіп алып Шуға деген бар үмітті.

Шіркін, дәурен!

Жастық шақ жалындаған, Өтті өмір сағымдалған. Кім келіп, кім кетпеген, Па шіркін дүние арман. Қ: с:

Қайрылмай көктемімдей. Жастығай шіркін дәурен өтенің бей,

Жуантөбе-ауылым

Армысың туған жерім Жуантөбе, Белімді бекем етіп буған төбе. Әр төбеңді қастерлеп жырға қостым, Кіндігімді кестіріп жуған төбе.

Ауылым шөл Бетпақтың етегінде, Шу өзен іағып жатыр жетегінде. Балықтары еркелеп шоршып жатыр, Қалай ғана жырға қоспай өтемін бе?

Жуантөбе елді мекен елге құтсың, Сан мәрте келіп кетті небір мықтың. Куәсі жастығымның бір өзіңсің, Туған жер өсіп өніп сенен шықтың.

Туған жер әр қашанда орның бөлек, Әр төбең бола білді бізге қорек. Асанқайғы бабамыз соғып өткен, Тарих куә бізге жеткен осы дерек.

Сексеуілді құмды жал төбелерің, Боздаланы жастайымнан көрген едім. Осы ауылда өтті менің балалығым, Өлең арнап сағынышты ән тербедім.

Береке ғой Шу өзені ауылыма, Мен ғашықпын нәсерлеткен жауыныңа. Тосын мінез көрсетсе табиғатым, Тығыламын ып-ыстық бауырыңа.

Бұл ауылда әке-шешем қоныс тепкен, Елге сыйлы Оңдыбайдай болыс өткен. Танабаев Аяз соғы көкелерім, Аянбай күндіз түні еңбек өткен.

Айта берсек таусылмайды жақсыларым, Білгендей жақсылыққа алып шығарым. Ауылдың болашағын аманат қып, Дегендей ұрпағыма тапсырамын.

Және бар Жапас Сүгір аталарым, Қобыз күй мен алған елдің баталарым. Сүгір атам шертпе күйдің шебері еді, Танытып күй өнердің атар таңым.

Болашаққа жетелейді ізгі арман, Адамдарың ақкөңілді жүзі жанған. Сәкен сері Арқа жақтан жолай өткен, Топырағыңда мәңгіліке ізі қалған.

Жуантөбем жайнай бер шырайланып, Жылдар өтіп жатсадағы шыр айналып. Өзіңнен түлеп ұшқан ұл қыздарың, Сағынышпен келіп-кетер бір айналып.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3500 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.